



1-сурет. Салыстырмалы нәтижелері

Сабақта оқушы өзі зерттеуші, талдаушы, автор болады. Нәтижесінде оқушылар өзін-өзі тану жолымен алға жылжиды, қоршаған табиғатын жақсы түсіне бастайды. Сабақта оқушы мақсатқа қол жеткізіп қана қоймай, өзінің зияткерлік және шығармашылық әлеуетін барынша іске асыру керек.

Сабақ барысында шешілетін негізгі міндеттер:

- 1) Оқушылардың дамуы мен өзін-өзі жүзеге асыруы үшін жағдай жасау;
- 2) Білімді, іскерлікті меңгеру;
- 3) Өмір бойы өз білімін толықтырып, дамыту қажет.

Әр мұғалім өз сабақтарында оқушының қажеттілігін ескере отырып қолданса біз мақсатқа жету арқылы міндеттерімізді орындаймыз. Оқушыларымыз кез келген қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық зерттеулерден жоғары нәтиже көрсететіндеріне нақты сенімдіміз.

Әдебиеттер:

1. Крупник, С.А. Функциональная грамотность / С.А. Крупник, В.В. Мацкевич.– М.: Педагогика, 2010.
2. Особенности формирования функциональной грамотности учащихся старшей школы по предметам естественно-научного цикла. Методическое пособие. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2013. – 48 с.
3. «Қазақстан мектебі» ғылыми-педагогикалық журналы. - № 10, 2018.
4. «12 жылдық білім беру». Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы республикалық ғылыми-әдістемелік және ақпараттық-талдамалық журнал - № 2, 2018 ж.

**Асылбекова Б.Ш., Шауенова Г.А.**

**Жезқазған гуманитарлық колледжі, Жезқазған қ.**

## **БІЛІМ, ҒЫЛЫМНЫҢ ҚАЙТА ЖАНДАНУЫ - ЖАҒАНДЫҚ ӨЗГЕРІС**

Аннотация: Аталмыш мақала оқыту жүйесіндегі ерекшеліктерді, қоғамдық салалардағы жаһанданумен байланысты өзгерістер аясындағы түрлі оқыту әдістерді қарастырады. Кәсіби білім беруде болашақ мамандардың заманауи әдіс-тәсілдерді меңгеруі, теорияның ақпараттардың ішінен ең негізгісін, мәндісін сыни тұрғыдан ойлап, жан-жақты талдап таба білуі, өмірде пайдалануы, білім беру саласында қызмет етуге тиімді екені айтылған. Колледждегі қазіргі жағдайда қашықтықтан оқыту жүйесі, оқу-тәрбие үрдісі, тәжірибелер де қарастырылған.

Кілт сөздер: жаһандану, дуалды, креатив, инновация, кәсіби, вебинар.

Бүгінгі күні жаһандану үдерісі экономика мен саясатты ғана емес, мәдени-әлеуметтік саланы, білім мен ғылымды да қамтып отырғаны белгілі. Қазіргі әлеуметтік теориядағы жаһандану ең өзекті тақырыптардың қатарында тұр. Бұл тақырыпта ой қозғап, білімнің, ғылымның даму жолында үлес

қосып жүрген қаншама адам бар және барлығының мақсаты еліміздегі ғылымның даму тенденциясын жоғарылату.

«Жаһандану» түсінігі ХХ ғасырдың аяғы мен ХІ ғасырдың басында жер шары кеңістігінде өріс алған өзгерістердің өзегі. Жаһандық өзгерістерді көрсететін негізгі нүктелері – әлемдік туризм, мәдениет, білім, тәжірибе, ғылымның қайта жанданудың жаңа формасы.

Бүгінгі таңда білім беру жүйесінде өте көп өзгерістер орын алуда. Әсіресе, қазіргі жаһандану үрдісінде жан-жақты білімді терең меңгерген кәсіби мамандарға деген қажеттілік барған сайын күрделеніп отыр [1].

Өркениетке бет бұрған еліміздің жастары – ертеңгі мемлекет тірегі. Қоғамға да ең басты керегі – елдің ертеңіне деген сенім мен үміт. Сол тірек нық та берік, сенімді болуы үшін бәсекеге қабілетті мамандар дайындау үрдісі техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері мен орта мектептерден бастау алмақ.

Жаһандану дәуірінде бәсекелестік жағдайына тез бейімделу қабілеті тұрақты дамудың ең маңызды факторы болып табылады. Адамның заман тудырған қажеттіліктері мен оқу жүйесі өзгерген сайын әлемдік білім саласында да бірнеше өзгерістер мен жаңашыл тенденциялар белең алуда. Технологиялар дамыған сайын оқыту жүйесі де жанданып, жан-жақты дамуда.

Қазіргі таңдағы білім беру саласында жүргізілетін реформаның басты мақсаты – ой-өрісі дамыған, дүние-танымы биік, білімді бәсекеге қабілетті, жан-жақты, сыни ойлай алатын, креативті, шығармашыл, адами құндылықты бойына сіңірген, білім мен тәрбиені қатар ұштастыратын жеке тұлға тәрбиелеу [2].

Алайда айта кетерлік бір жайт, жаһандану заманында алғашқы орында көш бастайтын - нарық сұранысын қанағаттандыруға бағытталған білім беруде адамдық қасиеттерден гөрі маман ретіндегі бағалану алдыңғы қатарға қойылатыны жасырын емес. Адами қасиеттер әр адамның бойында туғанынан болуы керек және бұдан гөрі нағыз маман әзірлеп шығару тиімдірек. Себебі, адамгершілік қасиеттерін отбасыдан бойына дарытып өсіп, кейін осы құндылықтарды пайдалана отырып, болашағымыздың айқын көрінісін жасайтын мамандардың болғаны абзал. Бірақ, адами құндылықтарды есепке ала отырып берілетін білім ең бірінші орында.

Заманауи қоғамды жаһандандыру үдерісінің басым бағыттарының бірі білім беру жүйесін ақпараттандыру болып табылады, бала кезінен үйретуде білім беру үдерісінің барлық деңгейлерінде заманауи технологияларды қолдануды болжайды.

Тәрбиелеу мен оқытудың тиімділігі білім беру бағдарламаларынан ғана емес, сонымен қатар, қолданылатын педагогикалық технологиялардан, бағдарламалық ақпараттық қамтамасыз етулермен және білім беру үдерісіне іскерлікпен оңтайлы енгізе білуіне де байланысты [3].

Сонымен ғылым, білімнің бір орында тоқтап қалмай, даму үстінде екенін көріп жүрміз. Білім беру - әлеуметтік-экономиканың дамуында да үлкен рөл атқарады. Сондықтан ғылымның дамуы үшін, ең алдымен білім беру жүйесін нығайту керек.

Осы негізде кәсіби маман даярлайтын Жезқазған қаласындағы 2019 жылдың «Ең үздік оқу орны» деп танылған біздің Жезқазған гуманитарлық колледж оқытушылары үнемі Астана қаласы «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ педагогикалық шеберлік орталығында курстан өтіп, жаңартылған білім беру жүйесінің ерекшелігін, тиімділігін, артықшылығын жете меңгеруде. Сондай-ақ жинақтаған іс-тәжірибені күнделікті сабақта қолдануда.

Тоқтала кетсек, бірлескен оқу ортасын құру. Бірлескен оқу ортасын құру не себепті тиімді?

Біріншіден, білім алудағы жаңа тәсілдер арқылы оқытуда білім дайын күйінде берілмейді, оқушылар өзара бірлесе белсенді әрекет жасау диалог құру арқылы игеріледі. Сабақта оқушылардың тақырып бойынша өз ойларын білдіруі, пікір алмасуы диалогпен жүзеге асады. Топтық әдісті қолданғанда оқушылардың бір-бірімен ақылдасуы, оны топтан біреуінің шығып айтуы, жүйелі сұрақ қоюы, болжай алуы тақырыпты қалай игергендігін көрсетіп тұрады.

Екіншіден, кейбір тақырыптарды игере алмайтын оқушылар жоқ емес. Олар үшін топтық жұмыс – ең қолайлы тәсіл. Сыныптасына сұрақ қойып немесе диалог жүргізу арқылы тақырыпты түсініп алуы едәуір жүзеге асады.

Үшіншіден, топқа бөліп оқытқанда оқушылардың талпынысы артады, әрбір оқушы өзін жеке керекті тұлға ретінде сезінеді және өз үлесін қосып, білімді болуға талаптанады. Сонымен қатар есте сақтау қабілеті жоғарылай береді. Себебі бір адамның айтқан ақпаратынан гөрі бірнеше адамның айтқан ақпараты есінде тез жатталады [4].

Бәсекеге қабілетті мемлекетке айналуы көп жағдайда дуалды оқытуға тікелей байланысты екені ескеріле отырып және кәсіптік мамандар даярлаудың ең тиімді жолдарының бірі болғандықтан,

колледжде қаламыздың бірнеше бөбекжайымен екіжақты келісім шартта, дуалды оқыту жүйесі іске асырылуда.

«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығының «Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі» біліктілігі бойынша білім алып жатқан МДБ - 21 оқу тобы осы дуалды оқыту жүйесіне көшірілді.

Әсіресе дуалды оқыту жүйесі болашақ мамандардың өндіріс жағдайларына бейімделген, жұмыс орнында дағды мен білімді тікелей игеруге бағытталуы, практикалық сағаттардың оқыту бағдарламасына барынша үйлесіммен біріктірілуі, өз ісіне деген қызығушылығын арттырумен қатар, кәсіби шеберліктерін шындауда рөлі зор.

«Халық пен халықты теңдестіретін - білім», - деп қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов айтқандай, білім бәсекесіне бейім шәкірт тәрбиелеу - біздің мақсатымыз. Сондықтан да соңғы жаңалықтардан қалмай, жаңалық жаршысы болуымыз керек.

Осы орайда, инновациялық технологияларды қолдана отырып оқыту - таным әрекетін ұйымдастырудың ұтымды формасы және мақсаты - оқу үрдісінің өнімділігін арттыру екенін естен шығармаған жөн.

Инновациялық технологияны қолдану: оқып үйрену, меңгеру, тәжірибеге ендіру, дамыту кезеңдері арқылы іске асады. Инновациялық оқыту білімді тереңдетумен қатар, оқушыны оқу әрекетіне жетелеп, олардың оқуға деген ынтасын оятады [5].

"Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы бойынша оқыту жүйесі де жаһандану дәуірінің бірден-бір тиімді әдісі. Осыған орай, барлығымыз білетіндей еліміздегі індетке байланысты қашықтықтан оқыту да тиімді жүзеге асуда. Әрине, үйреншікті офлайн режиміндегі білім беру жүйесіне үйреніп қалғанымызбенен, қашықтықтан білім берудің де бізге тигізіп жатқан пайдасының бар екенін жоққа шығармауымыз керек.

Озық технологияны тиімді пайдалану білім алушыларды қызықтырып қана қоймай, техникалық инновацияның да дамуына өз пайдасын тигізуде.

Демек, оқытушылардың жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдерді меңгеруі, ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдана білуі, жоғары деңгейге ұмтылуы мен үнемі ізденісте болуы, жаңашылдығы мен жаңалықты қабылдай білу шеберлігі кез келген жағдайда білім берудің тиімді көзі екені мәлім.

Мұғалім кәсібі күзиреттілігі қалыптасқан, күннен-күнге жаңарып отырған білім беру міндеттерін шешуге дайын, сөзінің мәнін ұқтырып, оны өз дәрежесінде оқытатындай теориялық және әдістемелік дайындығы жоғары, баланың дамуына жағдай жасайтын, баланың қабілеттерін ашатын, жеке тұлғасын, оқуға деген ынтасын дамытатын оқу, жазу, санау, қарым-қатынас және ынтымақтастық дағдыларын меңгеруіне көмектесетін, бәсекеге қабілетті маман болуы шарт [6].

Осы орайда, ғылымның даму тенденциясының дамып жатқандығын, қашықтықтан беріліп жатқан білімнен аңғара аламыз, яғни смартфондар мен компьютерлердің көмегі арқылы білім алу жүріп жатыр. Бұл ғылымның дамуына ғана үлес қоспай, экономикамызға да бір пайдасын тигізуде.

Тағы бір қашықтықтан оқытуда байқалғаны топ алдында тұйық, өзін-өзі аса көрсеткісі келмейтін студенттер Zoom платформасы мен СДОТ платформасында вебинар арқылы тиісті кесте бойынша өтетін сабақ, тәрбие сағаттары, үйірме, клуб жұмыстары, факультатив сабақтарда белсенділік көрсетуде.

Бұл жағдайда әрине, білімнің даму процесі және жеке тұлғаны дамыту ұстаздың ұтымды кәсіби құзыреттілігі мен шеберлігіне байланысты. Оған дәлел, колледж оқытушыларының офлайн оқу кезінде студенттерге ақпараттық коммуникациялық технология элементтерін, компьютерде жұмыс істеу іскерлік, дағдысын талапқа сай меңгерткендіктері қазіргі жағдайдағы қашықтықтан еш қиындықсыз оқуға көп үлесін қосуы.

Барлық пәндер ең алдымен СДОТ платформасында вебинар өткізіп, жаңа тақырыпты түсіндіру, сұрақ-жауап, диалог әдісі арқылы оқытудың ғылымилық, көрнекілік, түсініктілік, жүйелілік принципі негізінде жүзеге асырылуда.

Сондай-ақ практикалық жұмыстар да компьютердегі арнайы программа бойынша жасалып беріледі, мысалы: тест алу, студенттердің білім, іскерлігін бақылау бағалау шкала бойынша баллдық жүйеде жүргізіледі. Барлық студенттер үлкен қызығушылықпен тапсырманы орындап, жаңа білімді меңгеруде.

Яғни, қандай да болмасын жүйеге көшсек те, ұстаздарымыздың баланы сабаққа қызықтыра алуы болашақ білікті маманның пайда болуына апарды. Ал бұл ғылым дамуының айқын көрінісі.

Әр елдің өз тіліне сай білім беру жүйелері бөлек. Дегенмен, ақпараттық технологиялар, кешенді бай кітапхана, біліктілігі жоғары ұстаздар, жақсы әдістеме – барлығы дерлік білім беруді

калыптастыратын бірегей жүйелер. Жаңаша оқытудағы басты қағида бұл білім алу және өздігінен білім алу негізінде адам қабілеттерін, икемділіктерін дамытуға бағытталған тиімді оқыту жүйесін барынша кеңінен қолдану.

Ал қазіргі заманғы оқушының, әсіресе студенттің басты мақсаты көптеген пәндерден, олардағы ұшан-теңіз ақпараттардың ішінен ең негізгісін, мәндісін сыни тұрғыдан ойлап, жан-жақты талдап таба білу, өмірде тиімді пайдалану.

Күнделікті өтетін педагогика пәні бойынша бір тақырыптан мысал келтірсек:

Мемлекет алдында бәсекеге қабілетті болу міндеті тұрған жаһандану заманында жас ұрпаққа қойылып отырған талап зор. Оқушы айтылған сөз, берген білімді ғана қабылдап қоймай, өзі шешім жасай алуы, алдында тұрған түрлі жағдаяттарды абыроймен орындай білуі тиіс.

Осы орайда мен өзім дәріс беретін педагогика сабағында білім алушылар алдына үнемі проблемалық жағдай туғызып, өздері шеше білуге, бағыттаймын.

Болашақта өздері тәжірибеде пайдалана алатындай теориялық білім бере отырып, кәсіби шеберлігін шыңдау мақсатында мысалы: «Оқыту әдісі» тақырыбында оқытудың таным белсенділігіне қарай оқыту әдісін жіктеу, нақты белгілі бір тақырып бойынша қолдануын көрсетуді талап етемін (1-сурет) [7].



1-сурет. Сабақ барысында оқыту әдістерін қолдану.

Сонымен, өз ісінің кәсіби маманы болу қай мамандықтың иесіне болсын қойылатын басты талап. Дәстүрлі мұғалім «жеткізуші», ал оқушы «қабылдап алушы» немесе мұғалім дайын піскен мәліметті беруші, ал оқушы оны дайын күйінде қабылдап алушы схемасы дәл қазіргі нарықтық бәсеке заманында мүлде тиімсіз. Қазіргі және бұрыннан қалыптасып кеткен көзқарас бойынша мұғалім тек өз пәнінің төңірегінде ғана қалып қоймай, қоғамда болып жатқан өзгерістерге құлағы түрік, көзі ашық, жан-жақты талдау жасай білетін маман болуы керек [8].

Қазіргі жағдайдағы қашықтықтан оқыту жүйесі кезіндегі тағы бір жетістік озық тәжірибелерді тарату, бөлісу, жинақтау әдістерін оқытушылардың облыстық, республикалық деңгейде интернет желісіне үздіксіз салып жатқан видеоконтенттерінен де байқауға болады. Бұл видеоконтенттер барлық пәндер және түрлі тәрбиелік маңызы зор іс-шаралар жүйесі бойынша салынууда. Видеоконтент жасауда, әдістемелік нұсқаулықтар, жас маман мен студенттерге көмекші құралдар құрастыруда біздің колледж оқытушылары да белсенді, креативті, шығармашылықпен жұмыс атқаруда.

Қорыта айтқанда, ғылымның дамуы - бәсекелестікті арттырады. Әбу Насыр әл-Фараби «Ғылымы жоқ елдің болашағы бұлыңғыр» деген. Шынымен де, ғылымсыз және білімсіз ел - болашағы жоқ ел. Елдің бәсекеге қабілетті болуы көп жағдайда оның ғылыми әлеуеті мен ғалымдарына байланысты. Ғылымның дамуы үшін бізге білікті маман қажет. Ал ол маманды шығару ұстазға байланысты. Жалпы алып қарағанда бұл қоғамда үнемі болып жатқан нарықтық айналым секілді. Осы айналымға дұрыс түсіп алсақ, тенденция өсе бастайды. Елбасы «Қазақстандағы оқу орындары өте келе үздік әлемдік стандарттар деңгейіне көтерілуі тиіс» – деп, қазақстандық мұғалімдер қауымына үлкен сенім білдірді [1]. Олай болса, сапалы білімді азаматтар тәрбиелеу ұстаздар үлесінде. Сапалы білім - қоғамды тұрақтандыратын, рухани мұраны пайдаланып, оқытудың жаңа әдістерін тиімді қолдану, жаңа технологияны қазіргі заманға бейімдеу, оқытуды жетілдіре түсу, білім мен тәрбиені қатар өрістету, жеке тұлға қалыптастыру, олардың білім деңгейінің мемлекеттік және халықаралық стандартқа жетулеріне күш салу біздің міндетіміз. Ендеше алдағы уақытта да ғылымның жаңа сатыға көтерілуіне ықпал етіп, күрделі мәселелерді шешетін білімді дамытуда, маман даярлауда жауапкершілікпен жұмыс атқарып, тиімді жүзеге асырайық дегіміз келеді.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік», 2017 ж.
2. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Қазақстан мұғалімі, 2004.
3. Омарбекова Г.Ә. Тіл және жаһандану: оқу құралы. – Нұр-Сұлтан: «Fastprint» баспасы, 2019. – 160 б.
4. [http://www.edu.gov.kz/kz/governance/minister/intervju/gosprogramma\\_startovala](http://www.edu.gov.kz/kz/governance/minister/intervju/gosprogramma_startovala)
5. Мухамажитов А. 12 жылдық білім беруге сай мамандықтарды дайындаудың өзекті мәселелері. Алматы, 2016.
6. Тапаева А.П. Мектеп жағдайындағы құзыреттілікті қалыптастыру. Молодой ученый.- 2015. - №4. - Б.50-52.
7. Құрманалина Ш.Х. Педагогика. - Астана -2007.
8. <https://digitalkz.kz/wp-content/uploads/2020/03/>

**Аубакирова Д., Аяған Е.С.**

**Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті**

### **БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРЫНДА ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ПАЙДАЛАНУ**

Аннотация. Бұл мақалада қазіргі заманның талабына сәйкес инновациялық технологияны оқыту процесінде тиімді пайдаланудың мүмкіндіктері қарастырылған. Сондықтан ХХІ ғасыр-заманауи педагогикалық технологияны оқыту процесінде пайдалану туралы ғылыми зерттеулерге талдау жасалынды. Дамыған шет елдерде жаңа педагогикалық технологиялардың оқыту процесіндегі тиімділігін зерттеу ауқымды түрде жүргізілгені сипатталады. Жаңа педагогикалық технологияларды техникалық оқыту құралдары ретінде қолданудың мәселелерін зерттеушілерге тұжырымдар жасалынды. Инновациялық технологияларды оқыту процесінде жүзеге асыру мүмкіндіктері мен ерекшеліктері анықталды.

Кілт сөздер: педагогика, технология, оқыту, процесс, инновация, заманауи, техникалық, құралдар, модульдік дидактика, әдістеме.

Қазіргі кезде жаңа Қазақстан құруды қолға алып жатқанда жасұрпаққа әлемдік деңгейде заманауи білім мен тәрбие беру өзекті мәселе екенін айтқан жөн. Сондықтан оқушыларға инновациялық білімді жаңа педагогикалық технологиялар арқылы оқыту процесінде іске асыру мәселесі тұр.

Отыз жылдан астам уақыт бұрын АҚШ-та пайда болып, «педагогикалық технология» термині барлық дамыған елдердің сөз қорына жылдам кірігіп кетті. Шетел педагогикалық әдебиетте «педагогикалық технология» немесе «оқыту технологиясы» термині алғашында оқыту үдерісін техникалау идеясымен байланыста болды, оның жақтастары оқыту үдерісінің тиімділігін арттырудың негізгі тәсілі ретінде оқытудың техникалық құралдарын кеңінен қолдануды ұсынды. Мұндай түсіндіру өткен ғасырдың 70-ші жж. дейін сақталынып келді.

70-ші жылдары педагогикада оқыту үдерісін толық басқарылу идеясы жеткілікті дәрежеде қалыптасып, ол біраз уақыттан кейін педагогикалық тәжірибедегі келесі мақсатқа әкеліп тіреді: дидактикалық мәселелер оларға қол жеткізу анық сипаттама мен анықтамаға берілуі қажет нақты белгіленген мақсаттармен оқу үдерісін басқару арқылы шешілуі мүмкін[3]. Сәйкесінше, көптеген халықаралық басылымдарда педагогикалық технологияның мәнін жаңаша түсіндіру орын алады: педагогикалық технология – бұл «оқытудың техникалық құралдарын немесе компьютерлерді пайдалану саласындағы жай зерттеулер емес; бұл білім беру тиімділігін арттыратын факторларды талдау жолымен, тәсілдер мен материалдарды құрастыру мен қолдану жолымен, сонымен қатар қолданылып жатқан әдістерді бағалау арқылы білім беру үдерісін оңтайландырудың қағидаларын анықтап, тәсілдерін әзірлеу мақсатымен зерттеулер жүргізу.»

Айта кету керек, қазіргі кезде шетел әдебиетте педагогикалық технологияның мәнін алғашқыдай түсіну (педагогикалық технология оқытуда ОТҚ-ны барынша қолдану ретінде) де, педагогикалық технологияны оқыту үдерісін басқару идеясымен байланысты түсіну де (яғни, оқыту